

Зейнеткерлерді материалдық жағынан қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 12 шілде N 591. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.12. N 899 қаулысымен.

Негізгі азық-түліктің бағасы үздіксіз өсіп отырған жағдайда зейнеткерлерге материалдық жағынан қосымша қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "1993 жылы зейнетақыны арттыру мен индексстеу туралы" 1993 жылғы 22 сәуірдегі N 325 қаулысымен белгіленген зейнетақыларды одан әрі арттыру жүзеге асырылғанға дейін 1993 жылғы 1 шілдеден бастап, жұмыс істемейтін зейнеткерлердің алатын зейнетақыларына ай сайын қосымша мынадай үстеме ақы жасау қамтамасыз етілсін:

жасына байланысты толық еңбек зейнетақысын және мүгедектігіне байланысты, еңбек сіңіргені үшін зейнетақы алатындарға, сондай-ақ мүгедектігіне байланысты зейнетақы алатын мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне - 7000 сом;

еңбек стажы толық емес жағдайда зейнетақы алатындарға; сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алатындарға - 5600 сом;
әлеуметтік зейнетақы алатындарға - айына 4200 сом.

2. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі жергілікті әкімдер көрсетілген төлемдер жасауды уақтылы жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі